Таким образом, формируя научные знания, связанные с будущей профессией, раскрывается потенциал участников педагогического процесса и предоставляется возможность для проявления творческих способностей. Так решается одна из задач современного образования. Ведь главной целью обучения является подготовка человека к жизни в постоянно меняющемся мире, возможность быть конкурентоспособным.

В настоящее время развивается международное движение WorldSkills, целью которого является повышение престижа рабочей профессии. Его внедрение в систему технического и профессионального образования является приоритетным и должно носить последовательный и систематичный характер. В колледже разработана программа по дисциплине «Внедрение стандарта WorldSkills», сама дисциплина внедрена в учебный процесс в 2017-2018 учебном году для всех технических специальностей. Программа дисциплины разработана на основе концепции развития WorldSkills Kazakhstan на 2017-2020 годы, правил проведения чемпионатов WorldSkills Kazakhstan, правил разработки и формирования курсовой документации для проведения Национального чемпионата WorldSkills Kazakhstan в Республике Казахстан.

Дисциплина направлена на внедрение стандартов WorldSkills в образовательный процесс колледжа и формирования профессиональных компетенций будущих специалистов.

Качество обучения зависит от уровня профессионализма инже-

нерно-педагогических работников. 69 преподавателей и мастеров производственного обучения прошли курсы повышения квалификации по новым образовательным программам. 19 преподавателей специальных дисциплин и мастеров производственного обучения прошли стажировку на базах социальных партнеров, что дает возможность качественному формированию профессиональных компетенций.

Показателем качества образовательного процесса является качество методического обеспечения дисциплин. С целью методического обеспечения в текущем учебном году педагоги колледжа издали 5 учебных пособий: «Механиканың физикалық негіздері: оқу құралы», «Электрмен қамтамасыз ету» мамандығына арналған оқу құралы, «Жол жағдайлары және жолда жүру қауіпсіздігі», «Подвижные игры: учебно-методическое пособие», «Технология проверки технического состояния системы электрооборудования с применением универсального модуля КИ-28246».

Инженерно-педагогические работники делятся опытом своей работы, участвуя в международных и республиканских конференциях, семинарах, вебинарах, форумах, круглых столах, публикуя статьи в различных изданиях. В 2016-2018 годах был обобщен педагогический опыт 11 педагогов колледжа на областном уровне.

Систематическая работа по достижению качества образования привела к определенным результатам. Студент Е.Смирнов стал победителем по компетенции «Штукатурные и гипсокартонные работы» Национального чемпионата WorldSkillsKazakhstan в 2015, 2016, 2017 годов. Студенты Е.Смирнов и А.Сироткин заняли II место в первом чемпионате по профессиональному мастерству WorldSkills СНГ+ в г. Казани Российской Федерации по компетенции «Сухое строительство и штукатурные работы» в 2015 году. Студент Д.Шварц занял III место в полуфинале Национального чемпионата профессионального мастерства по стандартам WorldSkills по компетенции «Мастер производственного обучения» в г. Первоуральске

Российской Федерации. В 2015 г. Е.Смирнов участвовал в V чемпионате Европы по профессиональному мастерству EuroSkills-2016 в Швеции (г. Гетеборг), во II чемпионате WorldSkills СНГ+ по компетенции «Сухое строительство и штукатурные работы» (Россия, г. Краснодар, 2017 г.), 44-м Международном чемпионате WorldSkills International в ОАЭ в городе Абу-Даби (2017 г.), конкурсе профессионального мастерства в Словении (2018 г.).

По результатам аналитического исследования Высшего института бизнеса и управления INSAM Швейцария, Северо-Казахстанский профессионально-педагогический колледж признан лучшим образовательным учреждением и награжден Почетной грамотой и статуэткой «Золотая сова». В копилке побед учебного заведения – 3 место в рейтинге колледжей Казахстана в гуманитарно-экономическом направлении, проведенном Независимым агентством по обеспечению качества в образовании, звание «Лидер отрасли-2017» в номинации «Динамика развития», золото рейтинга Республики Казахстан ОКЭД 86.32.2 (среднее специальное образование). В рейтинге колледжей Республики Казахстан, проведенном НАО «Холдинг «Қәсіпкер», колледж на 43 месте среди 328 колледжей РК, а среди колледжей СКО – на 1 месте.

Северо-Казахстанский профессионально-педагогический колледж прошел процедуру аккредитации в 2018 году через НУ «Независимое агентство аккредитации и рейтинга» и получил свидетельства Международной институциональной аккредитации сроком на 5 лет и Международной специализированной аккредитации по 11 специальностям и 14 квалификациям сроком на 5 лет.

Таким образом, целенаправленная деятельность по повышению качества образования, накопленный опыт, высокий профессионализм, прочные традиции, стремление к инновациям позволяют коллективу колледжа гарантировать выпускникам высокую квалификацию по выбранной специальности, востребованность и конкурентоспособность на рынке труда.

ФОРУМ

В добрый путь, молодой специалист!

В Атырау прошел V форум молодых специалистов под названием «Ақ жол сасан, жас маман» с участием лучших выпускников средних технических и профессиональных учебных заведений региона. В нынешнем году число выпускников 25 атырауских технических и профессиональных колледжей составило 5115 человек, из них 388 являются обладателями красных дипломов.



С 2017 года в Казахстане действует система бесплатного профессионального и технического образования, благодаря которой десятки тысяч учащихся по всей стране

получают бесплатное образование.

Проект реализуется по двум направлениям. Первое – обучение всех желающих осуществляется по рабочим квалификациям

за счет местных бюджетов. Оно ведется по техническим, технологическим и сельскохозяйственным специальностям, а также сервису и обслуживанию. Второе – обучение ве-

дется за счет республиканского бюджета в рамках программы развития продуктивной занятости и массового предпринимательства на 2017-2021 годы, где предусмотрена подготовка кадров с техническим и профессиональным образованием и краткосрочное профессиональное обучение.

– В Атырауской области средства для подготовки специалистов выделяются из регионального бюджета, – говорит руководитель областного

управления образования Каиргали Кенжеғалиев. – В настоящее время в рамках выполнения пяти социальных инициатив Главы государства для молодежи созданы все условия для плодотворной учебы, студентам предоставляются общежития. Работа по подготовке квалифицированных специалистов будет продолжена и в будущем.

В 2018 году 388 выпускников 25 атырауских технических и профессиональных колледжей стали обладателями дипломов с отличием.

– Сегодня для меня

особый день: я получаю диплом об образовании, – говорит одна из отличниц, выпускница Атырауского гуманитарного колледжа им. К.Дутбаевой Алтынай Акылбек. – Выражаю огромную благодарность преподавателям, которые помогали и поддерживали нас, а также областному акимату. Я уверена, что смогу продолжить свое образование в выбранной профессии и стану квалифицированным учителем.

Адам ГУРЬЕВ
Источник фото:
Региональная служба
коммуникаций
Атырау

КӘСІБІМ – НӘСІБІМ

Мамандық таңдауда жаңылмайық

«Болашақта өркениетті, дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет» деп Елбасы Н.Ә. Назарбаев айтқандай, мамандық таңдау деген өзін айналысқың келетін жұмысты таңдау ғана емес, өзін араласқың келетін ортаны да таңдау. XXI ғасыр – білім мен ғылым заманы, ал білім теңізінде еркін жүзу бұл сенің бүгінгі күнгі таңдауың.

Қоғам дамып, дүниеге түрлі жаңаша рең біткен сайын білім саласы мен ғылым, мамандықтардың өзгере түсетіні заңдылық. Әлемнің көз ілеспес жылдамдықпен өзгеріп жатқанына барлығымыз куәміз. Қазір әлем сандық жүйеде, ғарыштық жылдамдықпен алға ұмтылып келе жатыр. Сол ілгерілеудің көшінен қалып қоймас үшін бо-

лашақ мамандығыңды дұрыс таңдау саған сын.

Бүгінгі таңда техникалық сала аса үлкен сұранысқа ие. Оның ішінде IT үлгісі кез келген салаға сіңіп, болашақтың алғышартына айналууда. Медицина, техника, ғарыш, ауылшаруашылық, тіпті әлеуметтік саланың өзіне етене кірігіп келе жатқан IT үлгісінде білім алуға барлық білім

ошақтары икемделе бастады. Әсіресе, Астана мен Алматы қалаларындағы білім ошақтары ерекше қарқынмен көшке ілесуді көздеп отыр. Қазірдің өзінде біршама озық үлгілерді өз базаларына енгізіп үлгерді. Атап айтар болсақ, ауылшаруашылығы саласы мамандарын даярлауда ұзақ жылдар бойғы тәжірибесі бар С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті жаңа үлгімен жұмыс жасаудың озық технологияларын пайдаланып отыр. Ауыл шаруашылығы, агрономия саласында ерекше нәтижелерге қол жеткізді. Мысалы, Елбасының тапсырмасына сай ауылшаруашылығын цифрландырудың

қазақстандық үлгісі осы білім ошағында жасақталып, біршама шаруалар атқарылып отыр. Бұл ауылшаруашылығы саласында үлкен жетістіктер әкелетіндігі сөзсіз. Бүгінгі таңда ауылшаруашылығы аса ауқымды, ел күретамырына айналып отырған сала. Сол үшін де Мемлекет басшысы бұл салаға ерекше басымдық беріп отыр.

Осы тұрғыдан келгенде, әсіресе ауылдық жастар мамандық таңдауға келгенде қателеспегенін қалаймын. Ауылда тұрып, одан нәр алған жастар мамандығын да осы сол жерде ұштастырып жатса, құба-құп. Бүгінгі күні ғылымда, мамандықта, тіпті қызметте ауылдық

не қалалық деп бөліну жойылып бара жатыр. Тек бір ғана мақсат: Отанға, еліңе және өзіңе адал еңбек етіп жемісін көру.

«Ең қиын мамандық – адам болып қалу» дейді Хосе Хулиан Марти. Абай атамыз «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан» демекші, мамандық таңдағанда жаңылмауға тырысу қажет.

**Арысгүл ТҰРБЕКОВА,
С.Сейфуллин атындағы
Қазақ агротехникалық
университеті Егіншілік және
өсімдік шаруашылығы
кафедрасының аға
оқытушысы,
ауылшаруашылық
ғылымдарының кандидаты**

ПРОФСОЮЗНЫҢ ВЕСТНИК

Межрегиональный форум молодых педагогов

Павлодарская областная организация профсоюза работников образования и науки провела 5-дневный межрегиональный форум молодых педагогов «Трансформация образования через лидерство учителя». Приехали и россияне – молодые учителя Новосибирской области.


В летнем лагере приняли участие наиболее активные и трудолюбивые молодые учителя. Они посетили ряд священных мест Павлодарской области, почтив память знаменитых предков, например, мавзолейный комплекс «Ақкөл жайылма» и мавзолей известного просветителя Машхур Жусупа. На торжественное открытие форума приехали заместитель председателя Казахстанского отраслевого профсоюза работников образования и науки А.Мукашева, проектный менеджер IPMA level C Д.Айтжанова, депутат областного маслихата Э.Паули. Проведены семинар-тренинг «Управление проектами по модернизации общественного сознания в рамках реализации программы «Рухани жаңғыру», тренинг «Лидерство и толерантность», мастер-класс «Развитие soft skills современных педагогических работников».

Большой интерес вызвал тимбилдинг на тему «Основы жизненно важных навыков в процессе модулирования личностных качеств». С участниками проведены: тренинг «Как говорить так, чтобы другим хотелось слушать», семинар-тренинг «Как создать и реализовать стартап-проект», печакуча «Я – учитель, значит лидер!», мастер-класс «Создание условий для профессионального роста и творческого развития молодого педагога». Каждый из участников форума имел возможность не только освоить технологию ор-

ганизации обучения в инновационной форме, но и показать свои педагогические умения и навыки, обменяться опытом. Памятным стало знакомство с природными памятниками Баянаульского национального парка. Молодые учителя побывали в священной пещере «Қоңыр әулие», познакомились с историей этого места. Для участников форума была проведена экскурсия в музей уроженца Баянаульского края, первого Президента Академии наук КазССР Каныша Сатпаева.

Сочетание обучения лидерским качествам и культурно-спортивные мероприятия дало молодым педагогам возможность повысить уровень знаний, умений строить взаимоотношения с коллегами. Мы выражаем глубокую признательность председателю областной профсоюзной организации работников образования и науки Г.А. Науразбаевой за предоставленную возможность участия в межрегиональном форуме. Каждый из нас приобрел новых друзей. Теперь мы объединены общими интересами и знаем, что профсоюз области поддерживает своих учителей. Особую благодарность выражаем председателю областного молодежного совета Е.С. Иманбаеву, который постоянно проводит работу по объединению молодых педагогов области.

**Алибек ТОЛЕУОВ,
учитель истории СОШ №34
инновационного типа
г. Павлодара**



ОТЗЫВЫ УЧАСТНИКОВ

Айнагуль САБИТОВА, председатель Молодежного совета Успенского района Павлодарской области: «С самого первого дня мне, как участнику 3 молодежного лагеря для профсоюза педагогов области, посчастливилось ощутить незабываемые эмоции и чувства. Каждый год что-то новое и незабываемое! И в этот раз мы снова проявили себя в творчестве, спорте, ораторском искусстве, свои лидерские качества. Форум дал многое, появилась возможность направить свои мысли в новое русло и поверить в свои силы».

Нелля РЕЗВИХ, член Совета молодых педагогов образовательных учреждений Баганского района Новосибирской области, педагог-психолог МКОУ «Баганский дом детского творчества»: «Великолепный форум! Весело и интересно прошли утренние зарядки, дискотеки, игра «Тайный друг», вечер творчества. За время, проведенное в лагере, мы обрели новых друзей. Нас поразили природные ресурсы здешних мест, мы словно на курорте побывали. Педагоги Павлодарской области поделились с нами своим бесценным опытом. Зарядившись положительными эмоциями, приобретая новый багаж знаний, мы отправились домой, чтобы в начале учебного года применять полученные знания на практике».

Мадина ОСПАНОВА, КГУ «Общеобразовательная Приреченская средняя школа Актогайского района», Павлодарская область: «Самое большое впечатление – это то, что мы, живущие в разных районах области и страны, каждый со своим стержнем, возрастом, талантом и изюминкой, все так легко влились в общий объединяющий форум. Это потрясающий результат команды организаторов в лице Науразбаевой Г.А. и Иманбаева Е.С. Они помогли создать дружескую и доброжелательную атмосферу. Незаметно пролетели пять дней. Хочется выделить спикеров, каждый из них показал свой профессионализм. Подача спикерами информации была легкой, интересной, непринужденной. Хотелось бы внести предложения: ввести в программу КВН между командами, больше полиязычного направления, творческих вечеров. Огромное спасибо за предоставленную возможность побывать на межрегиональном форуме молодых педагогов и воскликнуть: «Профсоюз – это прошлое, настоящее, будущее!».

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

Жаңаша білім беруге бағыт алған білім ордасы

Үздіксіз іздену бүгінде мұғалімдерге қойылып отырған басты талаптардың бірі. Мұғалім шеберлігінің негізгі көрсеткіштерінің бірі – ғылыми жаңалықтар мен озық тәжірибені жетік игеру. Білім берудің ұлттық модуліне көшкен қазіргі мектепке ойшыл, зерттеуші, практикалық үйлестіруді шебер меңгерген психолог, іскер мұғалім қажет. Бұрынғы шәкірт тыңдаушы, орындаушы болса, қазіргі оқушы – өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне ерекше мән беруіміз керек.

Мектебіміз де осы талаптарды ескере отырып жұмыс істеп келе жатыр. Заман талабына лайықтап салынған зәулім ғимарат үш қабатты, кең, жарық, әсем сынып бөлмелерімен жабдықталған. Мектебімізде 210 орындық акт залы және қала мектептері ішінде ең үлкен – ауданы 680 шаршы метрге тең спорт залы бар. Мұнда волейбол, футбол, баскетбол, тоғызқұмалақ және шахмат үйірмелерінде білімді мамандарымыз қызмет етеді. Осындай біліммен қаруланған Хамит Жаңбыров, Ұлболсын Көмектесова сынды мамандарымыздың тынымсыз, нәтижелі еңбегінің арқасында оқушыларымыз республика, облыс, қала көлемінде өткен сайыстарда жүлделі орындарға ие болып келеді.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасын орындау мақсатында ұстаздарымыз тынбай еңбектенуде. Осы кезде мұғалім оқушының талапқа сай білім алу белсенділігін жоғарылату мақсатында жаңа технологияларды меңгеру қажеттілігі туындап отыр. Жоғары технология-

ларды пайдалану заманында жан-жақтан түрлі ақпарат келіп түседі, сондықтан қазіргі заман мұғалімі ақпараттармен жұмыс жасай біліп, қажетін қолдана алуы қажет. Мектебімізде 36 оқу кабинеті жасақталған. Оның әрбірінде интернет қондырғылары орнатылған. Оқу кабинеттерінде 12 интербелсенді тақта орнатылып, оған қосымша 5 көшпелі интербелсенді тақта пайдалануға берілді. Информатика пәнінен білікті маман Ләззат Тайджанова оқушыларға білім берумен қатар түрлі сайыстар мен олимпиадаларға қатыстырып, жүлделі орындарға иеленгенінің куәсі болып жүр. Әрбір пән мұғалімі жаңаша білім мазмұнын үйрену курстарынан өтіп, жаңаша сабақ беруде. Физика, информатика, биология пәндері бойынша Мағия Жолдығұлова, Ләззат Тайджанова, Жанар Қоғашева сынды ұстаздарымыз «Терминология және ағылшын тілінде сабақ берудің негіздері» атты пәндік курстарды тәмамдап, жаңаша мазмұнда сабақ беріп, мектеп ұстаздары арасында өз тәжірибесімен бөлісіп жүр.



Қалдыбике БАТЫРОВА,
№20 ОМ директоры Жаңаөзен қаласы

Ұстаздарымыз бен оқушыларымыз түрлі іс-шараларға, әдістемелік семинарларға, шығармашылық байқаулар мен олимпиадаларға белсене қатысады. Мектебіміздің бастауыш сынып мұғалімі Роза Шегербаева «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және Педагогикалық шеберлік орталықтары Ақтау қаласы филиалының ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасы педагог кадрларының біліктілігін арттырудың «Мектептегі мұғалім көшбасшылығы» білім беру бағдарламасы бойынша 320 академиялық сағат көлемінде мұғалімдерді оқыту курсынан аяқтады. Үйреніп келген жаңаша білімін мектеп ұжымымен өз тәжірибесінде пайдаланып, көшбасшылық жұмыстар жүргізіп, ұстаздармен бірлесіп алдағы оқу жылында жасалатын істер жайлы жоспар жасады.

«Егіншінің еңбегі жинап алған өнімінен көрінсе, мұғалім еңбегінің нәтижесі білім деңгейімен өлшенеді» деп Ы.Алтынсарин атамyz айтқандай, мұғалімнің жемісі – шәкірттерінің қол жеткен

табыстары. 2017-2018 оқу жылында 11-сынып оқушылары Қырмызы Болат «Алтын белгі» иегері атанса, Майра Қанбақбаева мен Алуа Қуанышалиева «Үздік аттестатқа» ие болды. Олар ҰБТ нәтижесі бойынша да өз білімдерін дәлелдеді. 9-сынып шәкірттері Гүлдана Абдуллаева мен Әсел Жантілеуова «Үздік аттестатқа» қол жеткізді.

Қорыта айтқанда, жаңа бағдарламаның мәні – баланың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы мектепте алған білімін өмірінде пайдалана білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болуды, қажетті дағдыларды дарыту үшін мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында өз пәнін, мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады.

Адыраспаннан дәрі жасасам деймін

2017 жылдың қыркүйек айында «Маңғыстау аймағында адыраспан өсімдігінен алынатын өнімдерді өңдеу» атты ғылыми жобамды жаза бастадым. Бұл жобаны іске асыру көптен бері ойда жүрген армандарымның бірі.



Ертай ТІЛЕС,
Қызылтөбе лицейінің
11-сынып оқушысы
Мұнайлы ауданы

Ойымды лицейіміздің биология пәні мұғалімі Мәншүк Байназароваға айтқанымда, ол кісі дереу қолдай жөнелді. Себебі, қазіргі таңда медицинада ауруды емдеуге қолданылатын дәрі-дәрмектердің бағасы өртүрлі, бірі қарапайым халыққа тиімді болса, бірі тиімсіз. Ал менің жобамның басты мақсаты – халқыма адыраспан өсімдігінен әрі пайдасы көбірек, әрі бағасы қолжетімді дәрі-дәрмек жасап шығару.

Ақтау қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің жанында алғаш өткізілген «Caspian Startup-2018» үздік 20 жоба қатарына менің «Адыраспаннан дәрі-дәрмек жасау» жұмысым еніп, 30 000 теңгелік сертификат бұйырды. Ал Мәскеу қаласында өткен халықаралық «Человек-Земля-Космос» ғылыми жоба байқауында 2-орынға қол жеткізген едім.

«Маңғыстау аймағында адыраспан өсімдігінен алынатын өнімдерді өңдеу» атты жобама Ш.Есенов атындағы КМТИУ доценті Эльвира Сағындықованың да көп көмегі тиді. Ол жобаның зерттеу жұмыстарына қажетті бағыт-бағдар, яғни, ғылыми-теориялық тұрғыда кеңес берді. Жобаны іске асыру үшін кәдімгі адыраспанның химиялық құрамын зерттедім, адыраспанның емдік қасиеттері туралы мағлұмат жинадым, жобама байланысты ғылыми еңбектермен таныстым. Тәжірибе жасау барысында ғылыми жобаға деген құштарлығым арта түсті. Сондықтан болашақ зауыттың моделін жасадым. Адыраспаннан дәрі-дәрмек өндіру үшін қажетті аппараттарды іздестіре бастадым. Олар тек Германияда шығарылады екен. Ал дайын болған дәрілерді арнайы қорапқа салатын аппарат Ресейде шығарылады. Осылайша, жобамды жүзеге асыру үшін бизнес-жоспарымды құрдым.

Жақын маңдағы жұрт адыраспаннан жасалатын дәрі-дәрмекті тұтынар еді деген ой мені арман-мақсаттарға жетелейді. Ең алдымен кішігірім зауыт ашқым келеді. Осы арманым орындалып, табиғаттың берген шынайы сыйын халық игілігіне жұмсасам, тамаша болар еді.

Болашақ – бүлдіршін көзімен

Қазіргі уақытта еліміздің білім кеңістігінде болып жатқан реформалар Қазақстанның білім беру саласының мазмұны мен сапасын жаңа деңгейге көтеруге бағытталып отыр.

Еліміздің білім беру жүйесін жаңғырту – мектепке дейінгі білім берудің жалпы білім беру жүйесінің алғашқы сатысы ретінде статусын және орнын анықтауға және мектепке дейінгі білім беру саласындағы қатынастарды реттейтін нақты жаңа құжаттардың пайда болуына мүмкіндік туғызады.

Мектепке дейінгі ұйымдардың негізгі мақсаты – балаларға сапалы білім мен тәрбие беру арқылы денсаулығы мен физиологиялық дамуын қорғау және нығайту. Сол себепті мектепке дейінгі кезеңнен мектеп кезеңі арасында байланыс дұрыс жолға қойылған жағдайда

баланың әрі қарай дамуы қалыпты болатындығы белгілі.

Заман талабына сай технологияларды қолданудың да ауқымы, түрлері өзгеріп отырады. Бірақ ең бастысы технологияларды тиімді, жүйелі қолдану қажет. Әр технология өзіндік жаңа әдіс-тәсілдермен ерекшеленеді. Сондықтан педагог әр технологияны қай кезде тиімді пайдалануға болатынын ескеру қажет. Сонымен қатар, балалардың логикалық ойын дамыту мақсатындағы ұйымдастырылған шара барысында бүлдіршіндер білгенінен білуге асығатындықтан, тәрбиешілер балалардың қызығушылығын арттырып, серпін берудегі еселі еңбектері бүлдіршіндерді ынталандыруға жетелейді. Балабақшада балалар үшін мәні мен маңызы зор айтулы мерекелерді тағылымы мол шараға айналдырып, бүлдіршіндердің қуанышты жүрегін ыстық сезімге толтыра білу – тәрбиешінің міндеті. Сәби күлкісі

мен ана мейірімінің сәні – балабақшада. Яғни, бір ғана шараның өзі жас жеткіншектердің өміріне рухани азық береді. Балабақша баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуына мол мүмкіндік беретін білім мен тәрбие ошағы екеніне ата-аналар қауымы куә болады.

Жалпы педагог балаға аз сөйлеп, жаңалықты көп көрсете білу керек. Сондай-ақ, бүгінде балаларға мейілінше еркіндік берген дұрыс. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында тәрбие мен оқыту қатар жүргеннен кейін, баланы 3 жасынан бастап өзін-өзі тануға үйретудеміз. Сондықтан, болашақты бүлдіршіндердің көзімен қарауға көбірек мән бергеніміз дұрыс.

Ақбілек ЖҰМАБАЕВА,
«Өрлеу» БАҰО» АҚФ
Маңғыстау облысы бойынша
ПҚ БАИ кафедрасының аға
оқытушысы, тренер

ТҰЛҒА

Көпке үлгі болған қос ғалым

«Әрбір қазақ – жалғызым!» десек те, бұл қазаның орны бөлек. Күні кеше ғана жалғыз Ақтөбе емес, күллі зиялы қауым сирек кездесетін жампозы мен ардағынан айырылған болатын... Зиялы қауымның жарқын өкілдерінің бірі, көрнекті қоғам қайраткері, экономика ғылымдарының докторы, профессор, Ұлттық ғылым академиясының академигі, Ақтөбе педагогикалық институтының бұрынғы ректоры Ғалымжан Нұрышевтің және әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор Гүлімхан Шөптібаеваның қаза тапқанына биыл тура алты жыл.

Асқар тау алыстаған сайын әсем көрінеді деген бар. Күндер өткен сайын адам жадына көп нәрсе қайта орала береді екен. Әсіресе, жаныңды толқытып, жүрегіңе жара түскендей, жанарыңа жас келгендей кезеңдерді ойлағанда еңсең түсіп, есеңгіреп жүресің. Құстың тұмсығындай қысқа ғұмырда өміріңе өрнек салып, өзіңе де, өзгеге де, халқыңа қалтқысыз адал жандар жаныңда жүрсе бойыңа қуат бітеді. Сондай адамдардың бұл фәниде енді «жоқ» екенін сезінсең көңіліңнің терезесін көлеңке басады. Ендеше, болмысы биік тұлға дүниеден озғанда жаны таза, ниеті түзу адамдардың өлді деуге қимайтыны, тебіренетіні заңды болар. Соның бірі – Ғалымжан Жұмабайұлы Нұрышев пен Гүлімхан Бәйкенқызы Шөптібаева дүниеден озғанда ұлтжанды, зиялы қауым өкілдерінің қабырғасы қайыспағаны кемде кем болар. Көңілі таза, ізгілікті ойлайтын, кеуілі қаусар таза адамдардың жөні бір бөлек. Сондай болмысымен үлкен-кішіні тәнті еткен тұлғалар Ғалымжан Жұмабайұлы мен Гүлімхан Бәйкенқызы туралы ой қозғамақпын. Ағамыз бен апамыз туралы естелік жазамын деп тіпті де ойламаған екенмін.

Ғалымжан ағай – өте қарапайым, ақкөңіл, адал жан еді. Сондықтан да оның өмір жолы, адамдық болмысы, қоғамдық-педагогикалық қызметі, азаматтық тұлғасы, адамгершілік қасиеті кейінгі толқынға үлгі боларлықтай. Білімімен, білігімен ғылым жолында да көпке үлгі болды. Қиындығы мен қызығы мол ұстаздықты таңдаған ол әрбір шәкіртінің жүрегіне ғылымның зердесін оятқан ұлағатты тұлға еді. Сондай-ақ, ол жамандықтан ада, жақсылыққа жаны құмар, парасат биігінен көріне білген нар тұлға болатын. Иә, «Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді», – деп ұлы даналарша тебіренсем, ұстаз есімін болашаққа самғататын оның құнды мұралары мен игі істері қалды.

Ұстаз аға әлемнің озық ойлы ғалымдарының санатында болып, ел ғылымының дамуына өлшеусіз үлес қосты. Ғалымжан Жұмабайұлының адами асыл келбеті мен даңқы мемлекет тарапынан алған марапаттарынан емес, әсіресе өзінің кеменгерлік сипаттағы асыл тұлғасынан, мейірім тұнған бет-бейнесінен ерекше аңғарылатын.

Кең ойлап, терең толғанатын басшы екенін ғалым-ұстаз өмірінің соңғы 8 жылында қапысыз дәлелдеді. Институттың материалдық базасы, интеллектуалдық әлеуеті, жасампаздық беделі

тез көтерілді. Ол Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының ректоры болған жылдары да қарымды қызмет етіп, ел ықыласына бөленді. Осы жылдар ішінде аталған білім ордасында да нәтижелі жұмыстар қолға алынды. Замандастары мен әріптестеріне ол өзінің кеменгерлік болмысымен үлгі бола білді. Санаулы жылдардың ішінде педагогикалық институт еліміздің батыс өңіріндегі іргелі оқу орнына айналып, білікті

әрқашан білініп тұратын.

Ағамыз Ақтөбе облысы мәслихатының депутаты ретінде, қоғам өміріне де белсене араласып, халықтың мұң-мұқтажын дер кезінде шешіп, үлкен жұмыстар тындырғанын да білеміз. Осы жолда да ешкімге ұқсамас өзінің дара қолтаңбасын қалдыра білді. Ғылым мен білімнің, қоғам мен әлеуметтің сырына шынайы үңілген гуманист тұлға болды.

Ал, Арқаның Арғын қызы Гүлімхан Бәйкенқызы да текті жердің тумасы. Гүлімхан апай – біздің әріптесіміз, үлкен ғалым-профессор, тал бойына қазақ қызына тән нәзіктік пен сезімталдықты, ибалық пен инабаттылықты, ізеттілік пен ілтипаттылықты сіңірген мейірімді ана, ұлағатты ұстаз еді. Ол – көпшіл, бауырмал, кішіпейіл, үлкенді үлкен деп, кішіні кіші деп сыйлаушы еді. Қайда жүрсе де үнемі ізеттілік көрсетіп, мәдениеттілікті, тұрақтылықты және

жөн сілтеп, қысылтаяң шақтарда қол ұшын беріп, демеу жасау қасиетімен де ерекшеленетін.

Ғалымжан Жұмабайұлы Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтына ректор болып келгенде мен филология факультетінің 3 курс студенті болатынмын. Менің өмірімде өлшеусіз із қалдырған, есімдерін асқан ілтипатпен атайтын тұлғамен таныстық осы институт (қазіргі Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті) қабырғасынан бастау алған болатын.

2005 жылы сәуір айында алғаш рет ректордың қабылдауында болып, ол мені бұрыннан білетін кісі секілді өзіммен шын ықыласымен сәлемдесіп, жөн сұрасты. Сол кезде мен оның шын мәніндегі бауырмал, ашық-жарқын, кісілікті жоғары қоятын жан екендігіне көзім жетті.

Оқу бітірісімен мені осы оқу орнына жұмысқа қабылдап, «Жү-

ретуші еді. Гүлімхан апаймен қызметтес болған кездері оның айта-тын салмақты, салиқалы ақылды сөздері ой салатын әрі оларды ретімен, адамның көңілін қалдырмайтындай етіп сондай бір жана-шырлықпен жеткізе білуші еді.

Қазақта «Жақсыдан шапағат» деген сөз бар ғой, марқұм ағай-апаймен қызметтес бола жүріп, өз басым олардың шапағатын көрдім, адамгершілігі биік тұлғасынан өнеге-үлгі алдым, араласа жүріп, өзінің өнеге-үлгісімен де, ауызша айтқан ақылымен де белгілі дәрежеде тәрбие де алдым. Жанашыр тұлғалардың жастарды білімге, ілімге тәрбиелеуінен өнегелікті, әдептілікті, ұқыптылықты, жауапкершілікті үйрендім.

Жаратылысынан жақсылық пен жаңалыққа жаны құмар ағаның әр сөзі, әр қимылы, ұрпақ, ұлт рухы хақындағы толғанысқа толы пайым-тұжырымдары жадымызда қайыра жаңғырып, ғылымға сіңірген ұшан-теңіз еңбегін іштей ой елегінен өткіздім.

Ғалымжан ағай мен Гүлімхан апай екеуі Санжар мен Гауһардай өнегелі, тәрбиелі, білімді ұл-қыз өсірді. Қазір Санжары мен Гауһары да отбасылы болды. Шіркін, дүние-ай, адам баласының арманы таусыла ма?! Немерелері мен жиендерін жетектеп, ақ сақалды ата болып, ақ жаулықты әже болып қарттықтың дәмін көргенде ғой дейсің?!

Тағдыр өз дегенін жасап, тірі пенденің ырқына көнбейтіндігін тағы дәлелдеді. Күні кеше арамьзда жүрген аяулы жандар фәниден бақилыққа аттанды. Бұл уақытқа дейін бір ғана әулетке емес, дүйім зиялы қауымға зіл батпан салмақ түсірген қабырғалы қазаның қайғы бұлты әлі де сөйлер емес.

Адамның шын бағасын оның көзі тірісінде емес, кеш білетініміз өкінішті-ақ. Бір шүкіршілік етеріміз Ғалымжан Жұмабайұлы мен Гүлімхан Бәйкенқызының есімдері де, жасаған істері де ешқашан ұмытылмайды. Қос ғалымның көпке үлгі болар істерін ескерсек, олардың есімдері жақсылардың тізімінде мәңгі жазылары анық. Ең бастысы – оның өнегесі мен жолын жалғастырар шәкірттері, әріптестері, есімін мәңгі ардақтар жанашыр дос-жолдастары бар. Саналы өмірімізде араласқан, жайсаң жандардың жарқын бейнелері осы болмыс қасиеттерімен біздің жүрегімізде мәңгілік қала бермек.

Өңгімеге арқау болған тұлғалар сынды шынайы азаматтардың ұлылығын бүгінгі ұрпақ бағалайтынына ешбір күмән жоқ. Олар ұмытылмайды. Өйткені, олардың рухани өмірінің жалғасы – артында қалған игі істері, ғылыми мұралары, туыстары мен балалары, әріптестері мен шәкірттері бар.

**Сандуғаш БАЙҒҰЛҚЫЗЫ,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе
өңірлік мемлекеттік
университеті Баспасөз қызметі
бөлімінің маманы,
гуманитарлық ғылымдар
магистрі**



Суретте: марқұм Ғалымжан Нұрышев пен Гүлімхан Шөптібаева балаларымен

ұстаздар қауымын даярлауға өлшеусіз үлес қосты. Өзі басқаратын үлкен ұжымда ұйымшылдық, іскерлік, ауызбіршілік ахуалын орнатты. Алдына келген адамның сөзін мұхият тыңдап, орынсыз ашу шақырмай, жөнімен шешуге тырысатын. Сонымен қатар, ішкі сарайы ашық, көңілінде қаяу жоқ, ешкімге жамандық ойламайтын, шын жақсыны үлкен-кішілігіне қарамай қадірлей білген ақжарқын азамат еді. Ұжым мүшелері арасында ынтымақтастықтың, бір-ауыздылықтың, жанашырлықтың жаршысы, қолдаушысы бола білді. Ресми түрдегі ғана емес, шын мәніндегі ұжым көшбасшысы биігіне көтеріле алды.

Ол – біреуге әке, біреуге ұлағатты ұстаз, біреуге үлгілі аға, біреуге сыпайы іні бола білді. Институт қабырғасындағы тағы бір ерекшелік – барлық орындардағы мұнтаздай тазалық, реттілік болатын. Ағаның жүріс-тұрысы, киім-кисі қандай болса, ол басқарған оқу орны да сондай еді. Өзіне қандай талап қойса, өзгелерден де соны сұрайтындығы

әділеттілікті жақсы көретін. Өзі болса сондай қасиеттердің иесі. Қалжыңы мол, юморы күшті, айналасына ғажап көңіл-күйін сыйлайтын, сондай көпшіл жан болатын.

Бүгінгі күн көзімен қарағанда да, шығармашылық тұрғыдан алғанда да олар өмірден жас кетті. Қос ғалымның Отанымызға, халыққа бергенінен әлі берерлері көп еді. Халықта: «Кімнің қанша жасағанын емес, қалай өмір сүргенін айт» демей ме?! Меніңше, екеуі де көпке үлгі боларлық, ғибратты ғұмыр кешті. Екеуінің адал еңбегі, төккен тері, жиған білімі мен тағылымды танымы босқа кетпеді. Екеуі де ғылым докторлары, профессорлар дәрежесіне жетті. Ғалымжан аға үлкен білім ордасының ректоры, қоғам қайраткері, халық қалаулысы болса, Гүлімхан апай тәуелсіздікпен қоса келген әлеуметтану ғылымынан жазылған алғашқы оқу құралының авторы болатын.

Адамгершілігі мол, үлкен демей, кіші демей жұртты өзіне тартып тұратын Ғалымжан аға өзінен кейінгі жастарға қамқор болып

бановтану» ғылыми-зерттеу орталығына кабинет меңгерушісі етіп тағайындады.

Кейін қабылдауына шақырып: «Сандуғаш, «Этномәдени дәстүрлер және білім беру процесі» ғылыми-зерттеу орталығы ашылып, соған Кіші ғылыми қызметкері қызметін ұсынып отырмын, барасың ба?» деді, бұл 2008 жылдар шамасы болатын. Осы орталықта басқа ғалымдармен бірге ағайдың жолдасы, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор Гүлімхан Бәйкенқызы да жұмыс жасайды екен. Сөйтіп, апаймен осы орталықта танысып, бірге жұмыс жасап, қызметтес болдық. Гүлімхан Бәйкенқызының бойында шын мәніндегі ұстаздар мен ғалымдарға тән барлық қасиеттер бар еді. Соның ең бастысы – ол кісінің қарапайымдылығы болатын. Гүлімхан апайдың зерделі ойы, өзіне тән биік адамгершілігі мен инабаттылығы, адамшылығы мен парасаттылығы, сырбаз мінез-құлқы соның шын айғағы болатын. Бір кабинетте отырып, сырласушы едік, көп нәрсені үй-

ПРОЕКТЫ

Робот-манипулятор – от выпускников КГИУ

Шестиосевого робота-манипулятора, работающего по принципу человеческой руки, по собственным чертежам и оригинальной идее сделали и запрограммировали нынешние выпускники Карагандинского государственного индустриального университета (КГИУ, г. Темиртау). Главная особенность в том, что часть деталей была напечатана на собственном 3D-принтере.



существующие мехатронные комплексы и в итоге сделала выбор в пользу робота-манипулятора как наиболее востребованного оборудования на рынке робототехнических и мехатронных комплексов.

Манипуляционные роботы в настоящее время используются в различных областях промышленности для выполнения широкого спектра технологических задач. Манипулятор – это сложный электромеханический объект со множеством независимых либо взаимосвязанных звеньев. Для внедрения манипулятора в производственный процесс требуются специально разрабатываемые системы управления, которые обеспечивают взаимодействие между человеком-оператором и роботом, а также, естественно, выполнение

процессов, необходимых для автоматизации технологической операции.

– Мысль о сборке такого манипулятора на кафедре энергетики, автоматики и вычислительной техники возникла давно, ведь нынешние студенты отличаются от тех, которые были раньше: в школах они изучали робототехнику. Поэтому вузам нужно выходить на более высокий уровень преподавания, – говорит проректор по учебной работе Галина Сивякова. – Главная особенность заключается в том, что часть деталей была напечатана на нашем собственном 3D-принтере, что значительно удешевило стоимость конечного продукта.

Готовый робот-манипулятор размещен в одной из аудиторий нового корпуса. Из-за наличия гибких звеньев, имеющих упругую податливость в суставах, он может применяться в различных сферах.

– В машиностроении это может быть сортировка запчастей, в фармацевтике – дозирование лекарств. Всем известный пример робота-манипулятора – кран, похожий на паука, хватающий игрушки, – говорит доцент кафедры «Энергетика, автоматика и вычислительная техника» Артем Гурушкин. – У нашего робота-манипулятора 6

осей, то есть он может двигаться в разных направлениях, крутиться на 360 градусов, в отличие от человека. К тому же робот не устает, будет делать все, что необходимо, в течение заданного времени. Тут исключен человеческий фактор. Цель замены ручного труда механическим – освободить от этих манипуляций человека и повысить точность выполняемых работ.

При сборке робота были рассмотрены вопросы электро- и пожаробезопасности, а также экологичности проекта, определены вредные факторы ионизирующего излучения, воздействие источников шума, ультразвука и вибрации на человека, меры защиты от их вредного влияния. Студенты-дипломники, конечно же, представили и экономическое обоснование своей научно-исследовательской работы. По их расчетам, робот является экономически выгодным и конкурентоспособным проектом, так как аналогичная продукция компаний, производящих подобное учебное оборудование, может составлять от 3,5 миллионов тенге за единицу. Свой собственный робот обошелся в несколько раз дешевле. Его, как и 3D-принтер, с гордостью демонстрируют гостям и партнерам КГИУ, в числе которых – депутаты Мажилиса Парламента РК и иностранные специалисты.

В настоящее время идет отлад-

ка манипулятора. В конце учебного года на лабораторных занятиях ею занимались третьекурсники группы «Автоматизация и управление». Нужно проверить работу при разных скоростях, а также сочетание нескольких режимов, например, вращения и одновременного подъема, то есть совместную работу всех приводов. Пока у робота только один вид захвата, но на «руку» в дальнейшем можно крепить различные съемные механизмы, за счет чего он будет выполнять разные операции.

На кафедре «Энергетика, автоматика и вычислительная техника» в учебные месяцы работает кружок «Электрон», в котором могут заниматься ребята из трех подшефных школ кафедры и технику-экономического колледжа при КГИУ. Уже в сентябре их ждет встреча с новым роботом-манипулятором и 3D-принтером. Решается вопрос об участии в таких занятиях представителей и других школ Темиртау.

Выпуск роботов-манипуляторов в КГИУ не планируют ставить на поток, но что касается выполнения единичных заказов в качестве учебных пособий для учреждений образования города, области и республики, это вполне вероятно.

Светлана ЕГОРОВА
Фото автора

ЛЕТО – 2018

В «Балдаурене» детям нравится!

Республиканский учебно-оздоровительный центр «Балдаурен», как обычно, распахнул свои гостеприимные двери для детей из всех регионов Казахстана. В эти дни, с 10 по 24 июля, здесь работает смена – республиканская спортивная эстафета «Планета сильных, ловких, смелых».

Цель смены – всесторонняя пропаганда здорового образа жизни среди детей и подростков, привитие интереса к спорту. Проходит огромное множество мероприятий спортивного, творческого, интеллектуального, социального, психологического, оздоровительного направления. Вожатые и сотрудники «Балдаурена» прилагают все усилия к тому, чтобы ребята в полной мере поняли большую роль физической культуры в жизни человека.

Традиционно программа смены представляет собой калейдоскоп ярких, познавательных, захватывающих событий. Это вечер отряд-

ных визиток «МЕН, СЕН, БӘРІМІЗ!», вечер знакомств с педагогическим отрядом «Жастар», творческие конкурсы «Өнер уақыты», концерт ко дню именинника «BE HAPPY», конкурс креативных плакатов «Спорт, туризм, здоровье», черлидинг «SportFEST», Дни спорта, туристический маршрут, гала-концерт «Ұмытылмас сәттер үшін!».

«Балдаурен» по праву – главная визитная карточка организации отдыха школьников Казахстана. Этот лагерь знают в других странах ближнего зарубежья. Буквально на днях, 13 июля, в рамках российско-казахстанского двустороннего соглашения о сотрудничестве и культурно-образовательных обменах между ВДЦ «Океан» и РУОЦ «Балдаурен» делегация из 15 ребят и двух педагогов-организаторов выехала из «Балдаурена» в «Океан». Ребята станут участниками проводимых во Всероссийском детском центре «Океан» IX Международных детских спортивных игр стран Азиатско-Тихоокеанского региона «О, спорт, ты – мир!» и VI Международного фестиваля детского творчества «Живи! Твори! Мечтай!».

– «Балдаурен» – остров надежности, безопасности, заботы о детях, – говорит

Мухитдин Толепбай, генеральный директор РГКП РУОЦ «Балдаурен». – Мы воспитываем в детях активную гражданскую позицию, раскрываем их творческие способности, даем каждому ребенку равные возможности заявить о себе как о личности, помогаем им определиться с выбором жизненного пути. И какой будет жизнь в «Балдаурене», зависит от нас, взрослых. Мы очень гордимся тем, что в Центре создана такая уникальная система, где каждый



Большой и дружный 12-й отряд

работающий здесь человек не случайный, а любящий свое дело и детей. И если дети, покидая «Балдаурен», хотят вернуться сюда вновь и вновь, это высокая оценка совместной работы всего коллектива.

Журналисты «Білімді ел

– Образованная страна» побывали в «Балдаурене» в день открытия смены. Дети заезжают довольные предстоящим отдыхом, в предвкушении новых встреч, друзей из других регионов. Волнуются сопроводившие до лагеря педагоги, родители. Сразу видна отработанная схема размещения, высокий организационный уровень. Большое внимание здесь уделяют тому, чтобы дети приезжали без инфекционных, вирусных заболеваний. В медицинском цен-

тре тщательно проверяют сопроводительные медицинские справки и проводят осмотр ребят. А уже после обустройства, поскольку лагерь еще и оздоровительный, если есть хронические заболевания, детям назначают различные лечебные



Вожатая Тогжан Тамабай с девочками Султаной и Жанелей

процедуры, в обязательном порядке всех детей – кислородные коктейли.

– Мы чувствуем огромную ответственность за то, чтобы дети, приехавшие в «Балдаурен», получили максимум удовольствия и пользы от проведенного летнего отдыха, – говорит педагог-организатор 12-го отряда Тогжан Тамабай. – В нашем отряде 31 ребенок, это дети из разных областей и городов Казахстана. Мы полностью выстраиваем свою деятельность в соответствии с интересами ребят. Могу уверенно сказать, что все вожатые, педагоги, сотрудники лагеря – настоящие энтузиасты, глубоко преданные детям. Мальчишки и девчонки – каждый сам по себе личность, неповторимая, тонкая, кто-то активный и абсолютно раскрепощен, другой очень милый, добрый, но стеснительный, нерешительный, третий эмоционально переживает «пик» переходного возраста,

в общем, все они разные, и наша задача – всех объединить, сплотить так, чтобы они стали большой, дружной семьей, единым отрядом, родным коллективом. Знаете, первые дни мы вместе переживаем адаптационный период, а в конце смены обычно дети не могут никак распрощаться, уезжают со слезами. Мы очень любим наших замечательных ребят – «балдауреновцев»! И что важно, руководство лагеря поддерживает всех своих сотрудников, создает условия к тому, чтобы наш труд в «Балдаурене» был значительным и радостным!

И конечно, главный штрих в пользу этого замечательного детского центра – его месторасположение. Живописное и чистое озеро «Щучье», сосновый бор, невероятно ароматный целебный воздух, прекраснейшая природа. Ну чем не летняя сказка для детей?

Ляззат ШУЛЕНОВА

ОҚУ КУРСЫ

Жаңғырған қоғамға – табысты басшы

«Өрлеу» БАҰО» АҚФ Білім беру жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық қызметкерлері біліктілігін арттыратын республикалық институт жуырда «Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында мектептің инновациялық дамуын басқару» тақырыбында мектеп басшыларына арналған қысқа-мерзімді курсын өткізді.

Алғашқы күннен бастап мемлекетіміздің алға қойған мақсаты қай сала болмасын көштен қалмау емес, көш бастаған елдердің қатарында болу. Осы орайда, жыл сайынғы Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Жолдаулары мен еліміздің жеткен жетістіктері, білім саласындағы өзгерістер мен жаңартылған білім беру мазмұнының білім саласының дамуындағы үлесі таныстырылды.

Қазақстанның әр түкпірінен жиналған мектеп басшыларынан құрылған топ келген күннен бастап-ақ мақсатқа сәйкес коллаборативті ортада ынтымақты қарым-қатынас орнату арқылы әр тыңдаушының жаңашылдыққа ұмтылған көшбасшылық қасиеттерін айқын көрсете алды.

Курста табысты әрі білімді басшы білуі тиіс ең маңызды нормативті құжаттар таныстырылып, әр заң мен бағдарламаның, тұжырымдамалар мен нұсқаулықтардың білім беру саласындағы орны мен ерекшеліктері туралы түсіндірілуден басталып, мектеп жарғысының құрылымына дейін мәлімет берілді. Қоғамдағы өзекті мәселеге айналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы ҚР 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы әріптестер арасында талқыға түсіп, әр топ өз жобасын ұсынды. Білім беру ұйымдарының басшылары өз аумақтары мен мекемелерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүргізіліп жатқан іс-шара, тәжірибелерімен бөлісіп, ойларын ортаға салды.

ҚР 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының ерекшелігі мен заңдылықтарын, мемлекеттік сатып алу саласындағы тапсырыс беруші мен тапсырыс алушының арасындағы бірлескен іс-әрекеттердің барысы мен кездесетін кедергілер, одан шығу жолдары бүге-шүгесіне дейін талқыланып, Шығыс Қазақстан облысы №24 ОМ директоры Ерхат Құмар өз тәжірибесімен бөлісті.

КАНИКУЛЫ

Лето для детей – время открытий и приключений, время событий и встреч с чудом, время познания новых людей, а главное, самого себя.

Отряд профильного лагеря «Жас ұлан» в ГУ «СОШ №13» постарался сделать отдых детей более интересным, насыщенным, полезным для физического и духовного здоровья. Наш отряд посетил Павлодарский областной историко-краеведческий музей им.

Табысты мектеп жасайтын құзыреттілігі жоғары мектеп директорының қоғамдағы орны мен беделі, білімі мен білігі қалыптасқан, жаңашыл әрі көшбасшы корпоративті басқарудағы орны туралы «Мен табысты басшымын» дәрісі кең көлемде талқыланды. Топтық жұмыстарда мектепті басқарудағы директорлардың адами қасиеттері, білім, білік, дағдыларына сүйене отырып, табысты басқаруға қол жеткізу жайында айтылды. Топ кураторы Сәуле Мұхамбетжанова коллаборативті орта қалыптастыруда мектеп басшысы рөлінің жоғары екендігіне Колб әдісін қолдану арқылы тыңдаушылардың көзін жеткізді. Атқарылып жатқан істерге директорлардың өздеріне сараптама жасатып, сыни көзқарас арқылы кемшіліктерді анықтау, заманауи басқарудың түрлері мен әдіс-тәсілдерін жетілдіру секілді жұмыс түрлеріне тоқталып, тиімді әдістердің нәтижелі жағын алуға бағыт-бағдар берді.

Ұжымдағы дау-жанжалдарды бітімгершілікпен шешудің жаңаша термині – медиация туралы да курс барысында кеңірек білуге мүмкіндік туды. ҚР 2011 жылғы 28 қаңтардағы №401 – IV «Медиация туралы» Заңына жан-жақты талдау жасалып, қазіргі таңда жанжалдасқан ортаны бітістіру, делдалдықпен шешудің қолданысқа енгендігі насихатталды.

Курс барысында Елбасы Жолдауының негізінде туындаған «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша «Цифрлық мектеп» моделі ұсынылып, келтірілген модельді енгізу мақсатында сабақтастырылған ҰББДҚ, Kundelik.kz, «BilimLand» бағдарламаларының жұмысы, сондай-ақ, бүгінгі таңда жұмыс істеп тұрған электрондық білім ресурстары жан-жақты айтылды. Педагогтердің цифрлық құзырлығын қалыптастыру үшін компьютерлік, мобильдік, мультимедиялық, техникалық, ақпараттық, коммуникативтік, цифрлық сауаттылықтарды қалыптастыру мысалдары келтірілді. Атап айтқанда, ұялы телефонның камерасы арқылы жылдам тану үшін ақпарат беретін, қазіргі таңда жаңалық болып отырған екі өлшемді штрих код – «QR-код», «Kahoot» электрондық білімдік ойын ресурстары, «khanacademy» сайты туралы жан-жақты мағлұмат ала отырып, мектеп кодын жасауға болатындығын білдік. Кез келген ақпаратты, визиттік карточканы, сайттың сілтемелерін, телефон номерін және т. б. кодтауға болатынын курс тыңдаушысы, Семей қаласы №49 ОМ директорының оқу-әдістемелік жұмыстары жөніндегі орынбасары

Гүлмира Санғалиева айтып берді.

Сабақты зерттеу мен қауымдасқан ынтымақтастық жұмысты білдіретін жоспарлау мен бақылау, оқытуды талдау кезіндегі жаңа педагогикалық «Lesson Study» тәсілінің білім беру саласында қолданылуы мен ерекшеліктері, тиімді тұстарын әріптестермен бірге қарастырдық. «Lesson Study» тәсілін талқылау барысында бақылауға алынатын сыныптар мен оқушыларды анықтау жолдары, зерттеу сабағын жоспарлау нәтижесі, бақылаудағы оқушыларды қадағалау және айырмашылықтарды анықтауға, келесі зерттеу сабағының мақсатын белгілеу жолдарына көз жеткіздік.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту (Халықаралық PISA, TIMSS, PIRLS), сапаны басқару теориясының базалық ұғымы – сапа менеджменті, TIME менеджменті, квалиметриялық тұрғыдан басқару сапасын анықтау, басқарудағы терминдер, SWOT-талдау мен SMART мақсат туралы кеңірек мәлімет ала отырып, мектептің стратегиялық моделін құрастырдық.

Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында критериялы бағалау жүйесінің ерекшеліктері, ҰМЖ; ОМЖ; ҚМЖ сияқты жоспарлау түрлері туралы ББЖ ҚБАРИ профессорлық-оқытушы құрамынан Гүлнар Сүлейменованың дәрісі тыңдаушылар қауымына ерекше әсер қалдырды.

Курс барысында мектеп басшылары Айжан Маметхан (Астана қаласы Н.Әбдіров атындағы «№33 Балабақша-бастауыш мектеп» кешен директоры), Алтай Жазылбеков (Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Кеңес ауылы №3 ОМ директорының оқу-ісі жөніндегі орынбасары) жаңартылған білім беру мазмұны бойынша «Білім беру процесіндегі инновациялық технологиялар» тақырыбында республикалық «Шалқар FM» радиосының «Құтты білік» бағдарламасының тікелей эфирінде өз пікірлерімен бөлісіп, инновациялық менеджмент, білім беру мазмұнын жүйелі жаңарту аясында басқару сапасын арттыру жолдары туралы тәжірибелерін ортаға салды.

Курс аясында мектеп басшыларына басқару мәселелері бойынша іс-тәжірибе алмасу үшін бейнепрактикалық тәжірибе алаңы ұсынылды. Әріптестер өз тәжірибелерін коучинг, тренинг, бейнесабақтар арқылы теория мен практиканы ұштастырды. Мысалы, Астана қаласы №69 МГ директоры Құсни Жүнісова «Управление школой на основе инноваций», Астана қаласы

№42 ОМ директорының ғылыми-әдістемелік орынбасары Гүлзира Мендесбаева «Ұлттық код – тіліміздің рухани жаңғыруы», Атырау облысы Атырау қаласы А.С. Пушкин атындағы ОМ директорының бастауыш білім беру ісі жөніндегі орынбасары Ақнұр Майшыбекова «Квалиметриялық тұрғыдан бастауыш мектептің оқыту сапасын анықтау», Астана қаласы №83 МГ директорының инновация жөніндегі орынбасары Шолпан Жұмағұлова «Инклюзивті білім беру – өмір қажеттілігі» тақырыптарында бейнесабақтарға түсті. Сондай-ақ, «ҚР Медиация туралы Заңының білім беру саласындағы орны», «Рухани жаңғыру – ұлт болшағының кепілі», «Шағын жинақталған мектептегі оқу-тәрбие жұмысы», «Табысты мектеп – ел болашағының бастауы» тақырыптары қозғалды.

Біліктілікті арттыру аясында тыңдаушылар білім беру саласындағы менеджмент жөніндегі тың идеялармен қаруланып, білімдерін жетілдірді.

Курс тыңдаушылары «Өрлеу» БАҰО» АҚФ білім беру жүйесінің басшы және ғылыми педагогикалық қызметкерлері біліктілігін арттыратын республикалық институт басшыларына, ұйымдастырушыларына, профессорлық оқытушылық құрамына және курс жетекшісі Сәуле Мұхамбетжанова Талапеденқызына алғыс білдіреді.

«Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасына сәйкес, болашақ ұрпақты тәрбиелеу үдерісіндегі еңбегіміз еселеніп, табысты басшылар арқылы білім беру ордаларын табысқа жетелей берейік!» дегіміз келеді.

Курс тыңдаушылары атынан
Айгүл САҒИТОВА,
№38 МЛ директорының
тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Астана қаласы
Рысжан ШАМҰРАТОВА,
№65 МГ директорының
тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Астана қаласы
Рысты МҰҚАТАЕВА,
№1 МГ директорының оқу-тәрбие
жөніндегі орынбасары
Сәтбаев қаласы
Қарағанды облысы
Гүлбану ДҮЗЕЛБАЕВА,
Кеңесту НОМ директоры
Қалмақтықырған бекеті
Темір ауданы
Ақтөбе облысы

Занимательные дни



Г.Н. Потанина. Кто-то из ребят детеле истории Павлодара», а впервые побывал в этом «Сви-кто-то освежил свои знания.

Проделав нелегкий путь, мы побывали на палеонтологическом природном памятнике Павлодара – «Гусином перелете», прослушали лекцию и посмотрели видеоролик. Некоторые ребята были очень удивлены, узнав об этой достопримечательности нашего города.

В рамках программы «Рухани жаңғыру» в школе реализуется проект «Ертіс ағымында». Школа тесно сотрудничает с Домом географии. Под руководством А.А. Вервекина профильный отряд «Жас ұлан» совершил экскурсионную прогулку на теплоходе «Экиба-

стуз», по нижнему и верхнему Иртышу.

Прошло всего несколько дней, а все ребята успели привязаться к вожатой, она, в свою очередь, к детям. Даже за это короткое время все успели получить новые знания, и самое главное, провести весело и с пользой свое время. Но самое интересное еще только впереди!

К.ФАЙРУЗОВА,
президент детской
школьной организации
К.ВОЛКОВА,
старшая вожатая
ГУ «СОШ №13 г. Павлодара»

ОБМЕН ОПЫТОМ

Action research –
новый подход в преподавании

С целью улучшения преподавания и обучения я использовала в классе Action research (исследование в действии) – подход, который помогает педагогу решить проблему в школьной практике посредством систематического исследования практических действий.



Людмила АЛЕКСЕЕНКО,
учитель начальных
классов
Новоимшинской СШ №1
района им Г.Мусрепова
Северо-Казахстанской
области

Проведенное на начальном этапе исследования анкетирование показало причины пассивности ребят на уроках: 71% – непонимание заданий, 66% – неуверенность в себе, 57% – боязнь неправильного ответа, 55% – нежелание читать учебник и дополнительный материал. Мне предстояла большая работа, чтобы достичь поставленной цели исследования. Я внесла в

практику изменения: разработала серию последовательных уроков с опорой на цели таксономии Блума; внедрила приемы технологии критического мышления; применила формативное, суммативное, критериальное оценивание; изучение нового материала организовала в группах через диалоговое обучение.

В ходе исследования осуществлялась видеосъемка фрагментов уроков. Просматривая запись с коллегами группы Lesson Study, анализировали, как проходила работа в каждой группе. На видеозаписи было видно, как каждый из учеников стремится показать свои знания перед одноклассниками и предлагает идеи. Все дети были включены в учебный процесс.

В результате обсуждения с коллегами выявили сильные и слабые стороны преподавания,

оценили, насколько эффективна проделанная работа, составили повторный план, отвечающий на новые вопросы, которые возникали в ходе первого цикла.

В результате реализации Action research у ребят появилась уверенность в себе, они с интересом стали посещать уроки, о чем свидетельствуют данные проведенной повторной анкеты: 87% учащихся преодолели барьер боязни неправильного ответа на вопрос учителя, у ребят повысилась уверенность в себе, если до исследования интерес к чтению проявляли 9% учащихся, то после процент вырос до 33.

Исходя из результатов моего исследования, я пришла к следующим выводам: на первое место ставить личность ученика, а не учителя; обсуждать изменения, произошедшие в практике на методических и педагогических советах с целью привлечения коллег; работать с коллегами группы Lesson study, чтобы изменить практическую деятельность.

ПРАЗДНИЧНЫЙ ЗАБЕГ

Пять ночных километров

В Атырау состоялся первый ночной марафон, посвященный 20-летию Астаны. В пятикилометровом забеге участвовало около двух тысяч атыраусцев и гостей города.



Марафонцы украсили свои спортивные костюмы светящимися элементами – гирляндами и фонарями.

Кроме того, всем участникам были выданы неоновые браслеты, а на финише первую десятку бегунов ожидали медали и ценные подарки. Стартовав в 23.00 у Ледового дворца и преодолев пять километров, спортсмены завершили забег на площади султана Бейбарыса (фото 1).

Победителем ночного марафона стал россиянин Базарбай Дауталиев (на фото 2 – справа) из приграничной Астраханской области. Базарбай – по-



стоянный участник легкоатлетических соревнований в Атырау, он же – абсолютный чемпион «Atyrau Marathon-2018», состоявшегося в мае этого года.

– В Атырау общегородской марафон проводится один раз в год, – рассказывает нашему изданию вице-президент оргкомитета «Atyrau Marathon-2018» Юрий Пономарев. – Ночной же марафон организован впервые, чтобы мотивировать жителей и гостей города к занятию бегом. Мы надеемся, что данное спортивное мероприятие повысит у молодежи интерес к занятию спортом. В наших планах – организовать марафон среди детей, а также провести осенний марафон.

Адам ГУРЬЕВ
Источник фото: azh.kz
Атырау

РУХАНИЯТ

Ұлттық домбыра күнін ұлықтайық!

Жағымды жаңалық жүрегімізге ұялап, жанымызды жадыратты. Елбасымыздың қаулысымен шілденің бірінші жексенбісі Ұлттық домбыра күні болып жарияланды. Жыл сайын атап өтілмек бұл мерекелік күннің ұлттық руханиятымызға қосар үлесі салмақты болмақ.



Зеберкүл ШАРДАРБЕКОВА,
Қаратау ОМ қазақ тілі
мен әдебиеті пәнінің
мұғалімі
Талас ауданы
Жамбыл облысы

Домбыра – қазақтың киесі, қасиеті, қазынасы. Қазақ пен домбыра егіз ұғым ғой! Күні кешеге дейін әр үйдің төрінде ілулі тұратын ұлттық аспабымыздың күмбірлеген үні бүгінде алыстап бара жатқандай еді. Телеарналардан домбыраның дауысын есту мұңға айналғаны былай тұрсын (оның орнын қаптаған салмақсыз бағдарламалардың жаулап алғаны шындық), өзіміздің төл тойларымыз, шілдехана, бесік той, тұсаукесер, тілашар, беташарларымыз даңғырлаған эстрада әуеніне байланбады ма? Домбырамен әуелете шырқалып, тиесілі сый-

лық иесін табатын «Той-бастар» дәстүрінің түрсіпаты мүлде өзгергеніне бәріміз куәміз. Құрметті қонақ келгенде «ауылдың алты ауызы» айтылып, «қонақкөдемен» жалғаса әнмен өрілетін отырыстар көзден бұлбұл ұшқалы қашан?! Арасында үлкендердің әдемі әңгімелері тыңдалатын. Қазір ше? Ішіп-жеп болған соң, бас салып би билеуге көшеді. Жас та, жасамыс та секендеп, ию-қию музыка, қызық деген осы деп түсінетін болдық. Ілгерідегі құдаларды әудем жерден арнау айтып қарсы алып, күмбір-күмбір күй тартып, шығарып салар кез қайда, шіркін?! Домбырада айтылатын әр әннің сөзі қандай, сазы қандай?! Тыңдап отырғаныңда бір күрсінтіп, бір мұңайтып, мың түрлі әсерге бөлейтіні бар. Оның құдіретті үнін естігеніңе шүкірлік етесің. Домбыраның иесі қазақ болып туылғаныңа тәуба дейсің, басқа емес.

Домбыра күнінің белгіленуі жайдан жай емес. Бұл рухани жаңғыру бағытындағы ең сүбелі тірліктің бірі болмақ. Осы

күннің аясында ұлттық аспабымызды ұлықтау мақсатында тың бастамалар бой көтеріп, көптен бері қолдау таппай жүрген игі дүниелер қайта жаңғыруы ғажап емес. Көп нәрседен үміттіміз. Көк сандықтан домбыра үнімен астастырылған салмақты дүниелердің көптеп жарық көруін қалайды жанымыз. Ең дұрысы, науқаншылықтан ада, әсіре қызыл тез оңарлық тірлік емес, өзінің қоңыр үні мен қоңыр болмысына сай, ұлтымыздың жадын қайта бір жаңғыртатындай күн болса екен дейміз.

Биылғы шілде айының бірінші жексенбісі – 1 шілдеге тура келді. Еліміздің кей жерлерінде домбыра кеші ұйымдастырылды, бұл алдағы уақытта да дәстүрге айналса игі. «Жаздық шілде болғанда, көкорай шалғын, бәйшешек, ұзарып, өсіп, толғанда» деп Абай атамыз айтқандай, бүкіл қазақ даласы күмбір-күмбір күй төкпей, көктегі күн нұр төкпей, домбырасын қолға алғай, әуелете ән салғай... «Дарига, домбырамды берші маған, Жаныма келші жарым, келші балам...» деп Мұқағалиша толғайық, «Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра!» деп Қадырша қайырайық! Ұлы ұлттың баласы, ұлықта домбыраңды!

МАҚТАНЫШ

Мектеп мерейі – дарынды шәкірт

Оқушының да, оған білім берген мұғалімнің де сыналатын кезі – ұлттық бірінғай тестілеу деуге болады. Осы жылы мектеп бітірген түлектеріміз мектеп-гимназиямыздың мерейін бір көтеріп тастады. Жалпы ортақ көрсеткіш – 121,96 балл жинаған шәкіртеріміз білім-білік дағдыларының қаншалықты жоғары екенін дәлелдеді.



жан, Мұқағали оқуларының сан мәрте жүлдегері атанған, поэзияны құрметтеуші ретінде танылды. «Дарын», «Тұран» ғылыми жобалар сайысына да бірнеше мәрте қатысып, жүлдегер атанып, ғылыми ізденуші ретінде де танылды. Ең бастысы, ешбір сабақты бөле-жармай, барлығын бірдей біліп, бірдей меңгеруге тырысатын ерекше қабілет иесі. Бойындағы адами қасиеті де ерекше. Өз ісіне өте тиянақты, сабырлы, көпшіл. Дәулет болашақта да елін талай жақсы істерімен таңғалдыратынына сенімдіміз.

Светлана ДӘЛІБАЕВА,
С.Байжанов атындағы №162 МГ
кітапхана меңгерушісі
Түркістан ауданы
Алматы қаласы

КӘСІПОДАҚ

Өрелі жандар өнегелі ісімен танылды

Еліміз тәуелсіздік алғалы мамыражай мамыр айында халқымыздың бірлігі мен достығын, елдігі мен ерлігін паш ететін бір шоғыр мерекелер қатар тойланып, ел мерейін асыруда. Биыл да Бірлік, Отан қорғаушылар мен Жеңіс күндері деп айдарланған атаулы күндер бар салтанатымен кең көлемде тойланып, мерейлі мереке күндерінің бар мазмұны мен маңызын паш ете, өнеге-үлгісімен жұртшылық көңілінен шыға білді.

Өрқайсысы мазмұнға бай, тағылымға толы мерекелерді жыл сайын лайықты атап өту «Дәуір» жалпы орта мектебінде соңғы жылдары бұлжымас дәстүрге айналып келеді. Осы оқу жылында да мектеп ұжымы осынау айтулы күнді өз деңгейінде атап өту мақсатында «Тағзым саған, Ұлы Жеңіс жауынгері» тақырыбында тарихи танымдық кеш ұйымдастырып, жас өркенге үлгі-өнеге болар іс-шараның тұсауын кескен болатын. Оны мектеп директоры Ләззат Тушегенова, ауыл ардагерлері кеңесінің төрағасы, Мақтарал ауданының Құрметті азаматы, ақын-сазгер Көшербай Оразымбетов, «Нұр Отан» ХДП филиалының төрағасы, ауылдың ардақты азаматы Арыстан Мырзахметов ағалар ашып берсе, танымдық кештің тартымды өтуіне өз үлестерін қосқан білім беру ұйымының ұстаздары С.Баты-

рбеков пен П.Нақыпбековалар ерекше құлшыныспен жүргізіп отырды.

Екі бөлімнен тұратын іс-шара барысында алдымен сұрапыл соғыс жылдары туралы тың деректер мен бейнекөріністер көрсетіліп, оқушылардың орындауында ән мен би, әдеби монтаж бен сахналық қойылымдар көрсетіліп, соғыс қасіреті, ажалмен айқаста батыр ата-бабаларымыздың қанымен келген Ұлы Жеңістің еш өлшеммен өлшенбейтін бағасы туралы деректер берілсе, тағы бір тағылымды шара – Ұлы Отан соғысының ардагері Жүсіпбек Нақыпбеков пен ардагер ұстаз Байтұрсын Садуақасов ағайдың атына берілген мектеп кабинеттері салтанатты түрде ашылды.

Кеш барысында Ж.Ералиев ауылдық округінен майданға аттанған 32 соғыс ардагерінің есімі аталып, олардың ерліктеріне тағзым етіліп, бір минуттық үнсіздік жарияланды. Сол ардагерлеріміздің бірі, Ұлы Отан соғысында Ұлы Жеңіс үшін күрескен, бірнеше рет «Ерлігі үшін», «Ұлы Отан соғысы» сияқты медальдармен марапатталған, кейіннен бейбіт өмір кезеңінде ішкі істер саласында көп жылдар бойы елеулі істерімен танылып, басшылық қызметтерде жұмыс атқарған Жүсіпбек Нақыпбеков атамен мектептің ардагер ұстазы, білім саласында ұзақ жылдар бойы еселі ең-



бек етіп, мыңдаған шәкірт тәрбиелеген «Білім беру ісінің үздігі» – Байтұрсын Садуақасов ата туралы деректер айтылып, есімдері сынып бөлмелеріне беріліп отырған азаматтардың өмір жолы жас ұрпаққа өнеге етілді. Сондай-ақ, ардагерлеріміз жайлы көз көрген замандастары естеліктерімен бөліссе, республикаға танымал ақын Көшербай Оразымбетов пен аға ізін басып келе жатқан Өмірбек Өтетілеуов пен өзін арнау оқып, атаулы күн иелеріне жырдан шашу шаштық. Кешке мектеп оқушылары әдеби-сазды концерттік

бағдарламасын дайындады. Осындай құрмет үшін Жүсіпбек атаның ұрпақтары мен замандастары алғыс білдірді.

Елдік пен бірліктің үлгісін паш еткен бұл күн Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы аясында «Туған жер» бағдарламасы негізінде демеушілік жасаған ардагер ағаларымызбен кездесу күні, Ұлы Отан соғысының ардагері Жүсіпбек Нақыпбековтың атына ағылшын тілі, ардагер ұстаз Байтұрсын Садуақасов ағайдың атына биология кабинеттерінің берілген күн ретінде мектеп тарихында қалады. «Қариясы бар елдің қазынасы бар» дейтін дана халқымыз үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуді ежелден қасиетті дәстүр санаған. «Жақсы қария белгісі

– жазып қойған хатпен тең» деп бабаларымыз айтып кеткендей, еліміздің бүгінгі бірлік-ынтымағы аузы дуалы ақсақалдар мен ақ тілеулі аналарымыздың арқасында келді. Осындай келелі ой мен кемеңгер тілекті өнеге еткен іс-шара көпшілік көңілінен шығып, жастарымыздың бойында ұлтжандылық қасиеттерді қалыптастыруда өлшеусіз үлес қоса білді.

Асқар НИЯЗБЕКОВ,
Білім және ғылым қызметкерлері
кәсіподағы Мақтарал аудандық
комитетінің маманы
Оңтүстік Қазақстан облысы

Ұйымдар
бақ сынады

Ақтөбе облысы Ойыл аудандық білім қызметкерлері кәсіподағы ұйымының ұйымдастыруымен аудандағы мектепке дейінгі білім мекемелері Астананың 20 жылдық мерейтойына орай бастауыш кәсіподақ ұйымдарының арасында «Күшті бастауыш ұйым – күшті кәсіподақ» байқауы өтті.

Додаға кәсіподақ мүшелері «Кәсіподақпен біргеміз!» фотобөйге сайысы, «Ең жас кәсіподақ мүшесі», «Ең жігерлі ұран» атты номинациялар бойынша қатысып, бақ сынасты. Сайыс қорытындысында қазылар алқасының шешімімен «Асанәлі» балабақшасының бастауыш кәсіподақ ұйымы «Ең жігерлі ұран», «Балдырған» балабақшасының бастауыш кәсіподақ ұйымы ең үздік фотобөйге, «Жолшы» балабақшасының тәрбиешісі Ж.Әмірғазина «Ең жас кәсіподақ мүшесі», «Әсем» балабақшасының бастауыш кәсіподақ ұйымы «Үлгілі ұжым» номинацияларын жеңіп алса, «Балдәурен» бөбекжай-бақшасының бастауыш кәсіподақ ұйымы Алғыс хатпен марапатталды. Барлық қатысушыларға аудандық кәсіподақ ұйымының атынан дипломдар және ақшалай сыйлықтар табыс етілді.

«Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Ақтөбе облыстық ұйымы» ҚБ

ДЕМАЛЫС

Қызықты да, көңілді «Жаз-2018 жыл!»

Оқу ошағымыздың жанындағы «Күншуақ» жазғы демалыс лагерінің екінші маусымында түрлі іс-шаралар өтті.

Жаз айлары – мектеп оқушылары ерекше ықыласпен күтетін уақыт. Жазғы демалыс – балалардың жалпы физиологиялық, сана-сезімдік, дүниетанымдық тұрғыда даму, жетілу кезеңі. Әсіресе, бастауыш сынып шәкірттері үшін тұрпаттық табиғатпен ерекше үндестік

тауып, дүниетаным аясы кеңітін, көзқарас қалыптасып, үйренуге ықыласы артатын жылдың тамаша мезгілі.

Жаз мезгілінде ұстаз-тәрбиешілердің оқушыға бос уақытын дұрыс пайдалануға бағыттаудың, үйретудің мәні зор. Бос уақыт дене және ақыл-ой қызметін тынықтыратын, денсаулығын жетілдіретін іс-әрекетке жұмсалғаны жөн.

Балалардың жазғы демалысын ұтымды пайдалану мақсатында түрлі шаралар ұйымдастырдық. Ауыл маңы-



ның әсем табиғат аясына серуендеуге шықтық, Талғар қаласында орналасқан «Табиғат» мұражайына, Алматы қаласындағы орталық саябақтағы хайуанаттар бағына саяхатқа шығу жоспарланды. Одан бөлек, тілдік сабақтар, музыка пәні, дене шынықтыру сабақтары да тартымды өтіп, балалардың қызығушылығы күннен-күнге арта түсті.

Оқушылар «Кім жылдам?», «Ойлан, тап» және т. б. ойын түрлері арқылы танымдық қабілетін арттыруға арналған жаттығулар орындады. «Менің бір күнім», «Жадырап жаз келді!» және өзге де тақырыптарда эссе жазды. Дене тәр-

биесінің мұғалімі спорттық эстафеталар өткізу арқылы балаларды спортты сүйеге, денені шынықтыруға баулыды.

Лагерьде балалармен сергіту сәттерін өткізуде мультипликациялық фильмдер, әртүрлі жұмысқа қатысты видеолар көрсетілді. Мектеп жанындағы «Күншуақ» жазғы демалыс лагерінің 2 ауысымының жұмысы өте қызықты да тартымды өтті. Барлығы шәкірттердің көңілінен шықты.

Б.СӘЛІМБАЕВА,
Әл-Фараби атындағы ОМ
бастауыш сынып мұғалімі
Талғар қаласы
Алматы облысы



ПАВЛОДАРСКАЯ ОБЛАСТЬ

Мотивация на профессиональное совершенствование

В контексте реализации программы «Рухани жанғыру» и Послания Президента Республики Казахстан Н.Назарбаева народу Казахстана «Новые возможности развития в условиях четвертой промышленной революции» АО «Национальный центр повышения квалификации «Өрлеу» впервые проводит республиканский конкурс видеороликов и видеолекций «Панорама педагогических идей».



Гаухар КУРМАНОВА,
начальник отдела по связям
с общественностью
и издательской деятельности
ФАО «НЦПК «Өрлеу» ИПК
ПР по Павлодарской области»

Значимость подобных конкурсов очевидна: во-первых, это демонстрация возможностей инновационных информационных технологий в обеспечении нового

качества образования; во-вторых, презентация лучших педагогических практик по освоению и применению ИКТ-технологий; в-третьих, мотивация педагогов на совершенствование и профессиональное развитие.

Как и любое соревнование, конкурс «Панорама педагогических идей» ставит целью выявить лучших из числа участников. В то же время это возможность самоутверждения, самоактуализации педагога, стремление к презентации своего опыта широкой общественности. Признание его труда — это стимул к дальнейшему самосовершенствованию, повышению престижа учителя, его статуса в обществе. В целом проведение мероприятия такого уровня способ-

ствует эффективному развитию отечественной системы образования, широкому внедрению в практику новых интересных методик и подходов к преподаванию.

Разумеется, что содержание и направление профессиональных конкурсов выбирается не произвольно, а подчиняется решению главных задач, стоящих перед системой образования. Глава государства Нурсултан Абишевич Назарбаев в своем Послании «Новые возможности развития в условиях четвертой промышленной революции» призвал относиться к сфере образования как к отдельной отрасли экономики со своими инвестиционными проектами и экспортным потенциалом и дал поручение размещать в интернете видеоролики и видеолекции лучших учителей и преподавателей средних школ, колледжей и вузов: «Это позволит всем казахстанцам, в том числе в отдаленных населенных пунктах, получить доступ к лучшим знаниям и компетенциям».

В филиале АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Павлодарской области»

проведена определенная работа по освещению мероприятия и привлечению к участию в конкурсе лучших педагогов области: это и распространение информационных листовок, и консультативная, и методическая поддержка конкурсантов, и проведение обучающих тренингов, и видеообращение директора филиала к участникам конкурса, привлечение СМИ: радио, телевидения, социальных сетей.

Как показывает предварительный анализ поступающих заявок, желание участвовать в профессиональном состязании демонстрируют прежде всего педагоги, которых ситуация достижений не пугает, а наоборот, стимулирует. Они, как правило, имеют высокий уровень притязаний, а также мотивацию и способность к достижениям. Это, безусловно, люди, стремящиеся к успеху. Однако успехом они могут считать как реальные профессиональные достижения, подтвержденные победой в конкурсе, так и поощрения, которые рассчитывают получить, став победителем:

признание, известность, статус в коллективе, премию, категорию, возможность получения ведомственных наград и др. Основная мотивация участия в конкурсе является как внутренней, так и внешней. Безусловно, весомым стимулом к участию в конкурсе являются новые требования к аттестации педагогов на такие квалификационные категории, как «педагог-исследователь», «педагог-мастер».

Отдел по связям с общественностью и издательской деятельности филиала провел опрос среди педагогов, подавших заявку на участие в конкурсе. Анализ данных опроса позволил выявить факторы, которые повлияли на принятие положительного решения участвовать в конкурсе. В большей степени это поиск эффективных способов работы и внедрения в практику инновационных технологий, демонстрация собственных педагогических находок.

Желаем конкурсантам творческих успехов, обретения бесценного опыта сотрудничества и достижения намеченных планов!

Денсаулық – басты байлық

«Бірінші байлық – денсаулық, екінші байлық – ақ жаулық, үшінші байлық – он саулық» демекші, саналы да жарқын өмір сүру үшін ең алдымен денсаулық қажет.

Балабақшамыздың негізгі мақсаты – болашақта жас ұрпақты халқына қалаулы, ата-ананың мақтанышы, дені сау, сым-

батты, шыныққан адамгершілігі мол азамат етіп өсіріп тәрбиелеу.

Санаторлық сәбилер бақшасы болғандықтан орталығымызда салауатты өмір салтын ұстана отыра, спорттық іс-шараларын жиі өткізіп тұрамыз. Соның бірі «Денсаулық – зор байлық» атты жаздық спорттық ойын-сауық іс-шарасы спорттық ойынды дамыту және спортшылар арасында достық қарым-қатынасты нығайтуға арналды. Балалар спорттық іс-ша-

раға қызығушылықпен қатысып, өнерлерін көрсете білді. Бәрінің көңіл-күйі бір көтеріліп, күш қуаттарын нығайтты.

Балабақшамызда балалар үшін осындай спорттық шаралар дәстүрлі түрде ұйымдастырылып тұрады.

Қызғалдақ ЕҢСЕБАЕВА,
Бибігүл ЖҰМАБАЕВА,
№48 санаторлық сәбилер
бақшасының педагогтері
Павлодар қаласы



Юные археологи: первые пробы

Ученики СОШ №14 города Павлодара побывали в самой настоящей археологической экспедиции. Возглавили ее учитель истории Адилов Анвар Вадимович и классный руководитель Иваненко Людмила Викторовна.

В глухой казахской степи, вдали от цивилизации, расположено соленое озеро Борлы. Несколькими километрами южнее живет своей жизнью село Казы Лебяжинского района. А здесь, у озера, еще десять лет назад ученые обнаружили уникальный памятник археологии эпохи неолита (VI век до нашей эры). Разработку этого крупного древнего поселения начали павлодарские археологи под руководством директора центра археологических исследований ПГУ имени С.Торайгырова, кандидата исторических наук Виктора Карловича Мерца. Однако воды озера каждый год наступают на берег, унося в

пучину бесценные артефакты, поэтому помощь ребят очень важна.

Прежде чем приступить к работе, юные исследователи познакомились с порядком проведения раскопок в исторических местах. Кроме того, дети узнали, что такое геомагнитная карта, как проводят археологическую разведку, выемку и сортировку материала, какие инструменты используют во время раскопок, что такое артефакты.

Жили ребята в палаточном городке. В первый день детям, привыкшим жить в комфортных городских условиях, было трудно приспособиться к отсутствию связи, электричества и эле-



ментарных удобств. Но это не испугало их, а сделало жизнь более интересной, наполненной единением с природой, испытаниями воли и характера, дружбой и сплоченностью.

Ребята попробовали себя в роли настоящих археологов. Здесь было все: разметка на местности квадрата исследования (ему был присвоен новый номер – 9Д), очистка поверхности от плодородного грунта, выемка грунта до «культурного» слоя, а потом кропотливая работа по снятию

последнего 1,5-2 см грунта и тщательной его просевке через специальное сито. Юные археологи нашли большое количество «фаунистических останков»: мелких частей косточек животных и хорошо сохранившиеся фаланги овечьего копытца, зуб барана, зубы лошади. Кроме того, были обнаружены различные каменные орудия: нуклеусы для микропластин, угловые резцы, осколки каменных орудий и различные типы керамики (осколки). Вообще в этом

квадрате зафиксировано большое скопление костей. Ученым предстоит и кропотливая работа по изучению находок. Ребятам же предложили осенью в музей археологии при ПГУ и лабораторию по изучению данных находок. Так что сотрудничество продолжится.

Дети, конечно, устали, но вернулись домой полные впечатлений и удовлетворенные результатами первой исследовательской деятельности в полевых условиях. Хотя не будем говорить за них, пусть участники экспедиции сами расскажут.

Богомолова Даша: «Было немного трудно, но мне очень понравилось. Интересно было узнать что-то новое об археологии. Мы слушали лекции, раскапывали артефакты и весело вместе проводили время».

Никита Лунев: «Мне понравилось, интересно и познавательно».

Л.В. Иваненко: «...Я думаю, это был первый опыт подобных экспедиций, результатом которого могут стать и научные проекты, и статьи, а может, кто-то решит связать свою жизнь с археологией как наукой, ведь это такое нужное и увлекательное дело».

Экспедиция закончилась, а каникулы продолжают. Впереди у ребят еще много разных интересных событий. Но участие в настоящей археологической раскопке оставит в детских сердцах неизгладимый след.

Валентина ГРЫЦАЙ,
руководитель
пресс-центра
СОШ №14
г. Павлодара

РЕФОРМА

Тиімді жоспарлау – сапалы оқыту кепілі

Елімізде орта білім беру мазмұнын жаңарту мақсатында жаңа білім беру бағдарламалары жүзеге асырылып отыр. Бағдарламаның негізгі ерекшелігі – орта білім беру мазмұнын жаңарту үдерісін, білім беру саласындағы халықаралық үрдістерді, білім беру бағдарламасының теориялық негіздемелерін, оқыту тәсілдерін енгізуге негіз болатын теориялық алғышарттарды есепке ала отырып, тиімді жаңартуға мүмкіндік береді.

Оқу бағдарламаларын жаңартудың себебі – дәстүрлі оқытуда білім алушылар академиялық біліммен жеткілікті деңгейде қамтамасыз етілгенімен, сол алған білімдерін өз бетімен талдап және оны тиімді қолдана алмады. Жалпы алғанда, оқушыларымыз пәндік сапалы, дәйекті білім алды, бірақ оны өмірлік жағдаяттарда қолдану дағды-

лары болмады. Яғни, өмір сүруге дайындау үшін академиялық білім, функционалдық дағдылар, жеке тұлғалық қарым-қатынастар мен құзыреттіліктер жеткіліксіз болды. Сол себепті мүлдем жаңа сапа – метабілімділік, метақұзыреттілік қажет болды. Қай кезде, қай қоғамда болсын жеке тұлғаның қалыптасуы ұстаздан басталады. Білім саласындағы түбегейлі өзгерістер ұстаздан үлкен жауапкершілікті талап етеді.

Орта білім мазмұнын жаңарту үшін әзірленген оқу бағдарламалары оқушылардың бір сыныптан екінші сыныпқа өтуі кезінде білімі мен дағдылары қайталанып, оны одан әрі дамытып отыратын спиральді оқу бағдарламасы моделіне негізделген. Оқу үдерісінің алға ілгерілеуі айқын көрінуі үшін, оқу мақсаттары өзара тоғысқан бөлімдер мен бөлімшелерге топтастырылған. Оқушылардың сыныптан сыныпқа көшу барысында алға ілгерілеуіне орай, олар өздерінің дағдыларды меңгеріп, түсінуіне анағұрлым сенімді бола түседі. Спиральді білім

беру қағидатының құрылымы оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттарын салыстырып қарастыру барысында айқын байқалады.

Оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттары шәкірттерден шынайы проблемаларды анықтап, зерттей білуді талап етеді. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді, қоллайлы білім беру ортасын құра отырып, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АКТ-ны қолдану, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білу және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті оқыту әдіс-тәсілдерді қолдана білуге дағдыландыру.

Оқу мақсаттары оқу бағдарламасында, оқу жоспары мен «Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағы» әдістемелік құралында көрсетілген. Пән бойынша сабақтарды жоспарлау кезінде құжаттың үшеуі де қолданылады. Қалыптастырушы бағалау мүмкіндіктері қарастырылған орта

мерзімді жоспар бойынша мұғалім әрбір жеке сабақтың жоспарын дайындайды.

Сабақ жоспарын дайындау барысында мұғалім балалардың жеке қажеттіліктері мен ерекшеліктерін ескере отырып, саралап оқыту тәсіліне ерекше назар аударғаны жөн. Қысқа мерзімді жоспар мұғалімнің сабақты тиімді құрылымдауына көмектеседі. Ол үшін ұстаз оқу материалы мен сабақтағы әрекетті мұқият іріктеп алуы тиіс. Әр сабақтан кейін мұғалім оқушылар меңгере алмаған немесе түсінбеген жерлерін анықтау мақсатында сабақты талдап, рефлексия жасап отыруы керек.

Қысқа мерзімді жоспарды құрған кезде педагог оқу бағдарламасы мен жоспарында көрсетілген оқу мақсаттарын басшылыққа ала отырып, сабақтың мақсатын анық тұжырымдау, яғни, нақты, қолжетімді, шынайы, өлшеуге болатын мақсаттар қою қажет. Сабақ мақсатын тұжырымдау барысында мұғалімнің сабақта не істейтінін

емес, оқушылардың немен айналысатынын ескерген жөн. Сабақ мақсатына жету үшін мұғалім белсенді әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану керек. Оқыту мен оқудың заманауи әдістері шәкірттердің жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеру арқылы оқу үдерісін ұйымдастыруға аса мән береді және бұл бағыттағы мұғалімнің табыстылығы оқушылардың оқу үлгеріміне оң әсерін тигізеді.

Мұғалімдер пән бойынша оқу бағдарламасының талаптарын орындау үшін, сонымен қатар, балалардың танымдық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін сабақты барынша тиімді жоспарлауы керек. Өйткені, тиімді жоспарлау – сапалы оқытудың кепілі.

Жұмагүл ҚАНСЕЙПОВА,
«Өрлеу» БАҰО» АҚФ ОҚО
бойынша ПҚ БАИ
«Мұғалімнің кәсіби дамуын педагогикалық-психологиялық сүйемелдеу» кафедрасының аға оқытушысы

ТӘЖІРИБЕ

Жағымды өткен курс

Жұмысты тың идеялармен түрлендіріп, оқушыларды жан-жақты әрі жаңаша оқыту – заман талабы. Осы мақсатпен «Өрлеу» БАҰО» АҚФ ҚР білім беру жүйесінің басшы және педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттыратын республикалық институтында «Білім беруді жаңғырту жағдайында мектепке дейінгі ұйымдардың инновациялық іс-әрекеттерін басқару» тақырыбында білімімізді жетілдірдік.

Курс барысында ұсынылған материалдар нақты, түсінікті, қолжетімді болды. Соның ішінде: «Мектепке дейінгі білім ұйымның нормативтік-құқықтық негіздері», «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы», «Ерте жастағы балалармен жұмыс істеуде М.Монтессори технологиясы элементтерін ендіру», «Инновациялық менеджментті басқару функциялары», «Коучинг-инновациялық басқару формасы», «Жобалау іс-әрекеті – мектепке дейінгі балалардың құзыреттілігін дамытудың инновациялық технологиясы ретінде», «Сандық білім беру ресурстарын қолдану (BilimLand)» жұмыс түрлеріне толық ақпарат беріп, меңгердік. Болашақта жұмысымызға қолданатын боламыз. Курс аясында жетекшіміздің әр жұмысы түрлі тренингпен басталып, дәріс өте сауатты, қызықты болды. Жұмыстарды кері байланыс арқылы үнемі бағалап отырды. Коучинг әдістерінің өткізілу әдіс-тәсілдерін көрсете отырып, әр тыңдаушыға жеке тапсырма берді. Біз түрлі жұмыстарды зерттеп, Монтессори кабинетінде машықтық дәріс алдық. Машық кезінде Алматы қаласының

№22, 138 бөбекжайлары ұйымдастырған «Педкеңесті жүргізудің дәстүрлі емес формасы», «Әріптестік пен ынтымақтастық негізінде ата-аналар қоғамдастығымен өзара әрекет» тақырыптарындағы оқытуда жаңа жұмыс түрлерін көріп, оқу үдерісін тиімді ұйымдастыру жұмыстары, әр облыстағы жұмыс барысы жайлы талқылап, білім берудегі жаңғырту мен инновациялық үрдістердің жалғасуына ықпал етудің маңызды факторларын ескере отырып тәжірибе алмастық.

Сондай-ақ, педагогтің интеллектуалдық, кәсіптік адамгершілік, рухани, адами келбетінің қалыптасуына ықпалы бар жаңа технологияларды меңгеру бойынша көмек алдық. Республикамыздың әр түкпірінен жиналған мектепке дейінгі ұйымдардың 24 директорын оқу бағдарламасының қыр-сырымен терең таныстырып, жаңа әдіс-тәсіл түрлерін, инновациялық технологияларды тиімді ендіру туралы сапалы білім берген жетекшіміз К.Тұрдақынованың еңбегі зор. Мектепке дейінгі ұйым директорларына осындай тиімді курс ұйымдастырғаны үшін республикалық институт ұжымына, директор Ж.Мақатоваға шексіз алғыс білдіреміз.

Әсем АЙТҚАЛИЕВА,
№34 «Балбұлақ» 6/6 директоры
Орал қаласы БҚО
Динагүл ИСАКОВА,
«Ақбота» 6/6 директоры
Щет ауданы
Қарағанды облысы
120 топ тыңдаушылары атынан



АЛҒЫС

Ұстаз – жас ұрпақтың рухани сәулеткері

Қазақтан шыққан ұлы тұлғаларымызға келер болсақ, ұстаз көмегімен білім фундаментін қаламаса Абайдың аты ұрпағына жетер ме еді? Шокан географиялық жаңалықтарды әлемге паш етер ме еді? Әлбетте, әрбір ғалым, небір білгір жандар өзін алғаш білім нәрімен сусындатқан оқытушысының алдында қарыздар.

Ұстаз жолын таңдаған жанның бойында сан қырлы қасиеттер болуы тиіс: шексіз сабырлық, қаталдықпен қатар

Сәулем апай қазір біздің сүйікті сынып жетекшіміз. Ол қандай сынақ болмасын, жеңіске үміттендіріп, сеніммен жігер-



келетін мейірімділік, адамгершілік, тапқырлық және өзгелерге, оқушыларға үлгі бола білу. Ең бастысы өмірге деген құштарлық, білімге, балаға деген махаббат.

Бізді сандар сырымен таныстырып, табиғат заңдарын түсіндіретін, әлемдік мәдениет пердесін ашатын – мұғалім. «Ұстаз қаншалықты ғылымды үйретсе, сондай дәрежеде бізді өмірге де дайындайды» демекші, мектеп-лицейіміздің химия пәні мұғалімі ғана емес, ұстаздық махаббат дәнін шәкірт жүрегінде өсіре білетін аяулы екінші анам Колхосова Сәулем Сағиқызы жайлы ой толғасам деймін.

Оныншы сынып табалдырығын аттағанда, бізді құшағын жая қарсы алып, бар жоғы бір жылдың ішінде әрбіріміздің психологиямызды, жан-дүниемізді оқи білген

лендіріп, «Мойыма! Сенің қолыңан бәрі келеді!» деп білім көзіне деген ұмтылысымызды өсіріп отырады. Жетекшіміздің арқасында біз айтарлықтай белестерді бағындырдық. 2017-2018 оқу жылы мектептегі оқушылар мен ұстаздардың аузынан 10 «А» сыныбы түспеді десек асыра айтқанымыз емес. Мектепішілік іс-шара, жарыстарға белсенді түрде қатысамыз. «Күзгі бал», «Жігіт сұлтаны», «Қыз сыны» секілді сайыстарда Бас жүлдені иелендік, Алаш Орда партиясының 100 жылдығына орай ашық сабақ өткізуіміз, көрме мен түрлі онкүндіктерде белсенділік танытқанымыз үшін сыныбымыздың оқушылары мақтау қағазымен марапатталды.

Ол кісі дайындаған оқушылар тек мектепішілік жетістіктермен шектелген жоқ.

Ұлағатты ұстаздың шәкірттері лидерлік қасиеттерін аудандық, қалалық сайыстарда көрсетіп, ауыз толтырып айтарлық жемістерге қол жеткізді.

2017-2018 оқу жылында Бексұлтан Айтен мектеп оқушылары арасында өткен ең үздік ғылыми жоба «TURAN SCHOOL SCIENCE PROJECT» конкурсында 1-ші орынға ие болды, сондай-ақ, V халықаралық Фараби оқу-

